

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің "Қазақстан Республикасының халқына протездік-ортопедиялық көмек беру тәртібі туралы" Нұсқаулықты бекіту туралы" 1998 жылғы 2 сәуірдегі N 88-ө бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2002 жылғы 17 мамырдағы N 106-ө бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2002 жылғы 4 шілдеде тіркелді. Тіркеу N 1910. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің 2005 жылғы 6 қыркүйектегі N 236-ө Бұйрығымен.

Ескерту: Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің 2005 жылғы 6 қыркүйектегі N 236-ө Бұйрығымен.

----- Бұйрықтан үзінді -----

"Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 20 маусымдағы Заңына, "Мүгедектерді оңалтудың кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 20 маусымдағы N 754 қаулысына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Мыналардың күші жойылған деп танылсын: ...

2) "Қазақстан Республикасының халқына протездік-ортопедиялық көмек берудің тәртібі туралы" Нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің 1998 жылғы 2 сәуірдегі N 88-ө бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы " Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2002 жылғы 17 мамырдағы N 106-ө бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тіркелімінде N 1910 тіркелген және Қазақстан Республикасы орталық атқарушы және өзге де мемлекеттік органдарының нормативтік құқықтық актілері бюллетенінде жарияланған, 2002 ж., N 33, 666-құжат)...

Министр

Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Протез-ортопедия саласын одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы" 2001 жылғы 5 қыркүйектегі N 1146 P011146_ қаулысын іске асыру және мүгедектерді қазіргі талаптарға лайықты протез-ортопедия бұйымдарымен қамтамасыз ету мақсатында **БҰЙЫРАМЫН** :

1. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің "Қазақстан Республикасының халқына протездік-ортопедиялық

көмек беру тәртібі туралы" Нұсқаулықты бекіту туралы" 1998 жылғы 2 сәуірдегі N 88-ө V980763_ бұйрығына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Қазақстан Республикасының халқына протездік-ортопедиялық көмек беру тәртібі туралы Нұсқаулықта:

2-тармақ "сондай-ақ протездеу жөнінде медициналық қызметтер көрсетумен" деген сөздермен толықтырылсын;

3-тармақ "протез-ортопедиялық бұйымдарды дайындауды" деген сөздерден кейін "протездік-ортопедиялық бұйымдарды, күрделі ортопедиялық аяқкиімдерді алуға, өлшеп көруге және жөндетуге келген мүгедектерді госпитальге жатқызуды" деген сөздермен толықтырылсын;

9-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"9. Қол және аяқ буындарын протездеуге мұқтаж мүгедектер медициналық айғақтама бойынша қазіргі технология бойынша жасалған протездермен құрастырмалы және таңғыш-былғары протездермен қамтамасыз етіледі.

Медициналық айғақтама бойынша құрастырмалы және былғары гильзасы бар таңғыш-былғары протездер беру мен оларды жөндеу:

1) Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне, сондай-ақ жеңілдіктер мен кепілдіктер бойынша соларға теңестірілген адамдарға;

2) Мүгедектігі Қазақстан Республикасының Қарулы күштерінде әскери қызмет міндеттерін атқарумен байланысты туындаған әскери қызметшілерге;

3) Мүгедектігі қызмет міндеттерін атқарумен байланысты туындаған ішкі істер органдары басқару және қатардағы құрамының, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің адамдарына;

4) әлеуметтік қорғау жүйесінің ұйымдарында тұратын, қолданылып жүрген заңдарға сәйкес толығынан мемлекет қарауындағы адамдарға;

5) жалпы аурулардан және бала кезден мүгедектерге;

6) 16 жасқа дейінгі мүгедек балаларға тегін жүргізіледі.

Қазіргі технология бойынша жасалған протездермен 9-тармақтың 1)-6) тармақшаларында көрсетілген мүгедектер, алғаш рет протездеу кезінде және бұдан бұрын осы технология бойынша протездеген мүгедектер республикалық бюджеттен бөлінген қаражат шегінде қамтамасыз етіледі";

55-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"55. Стационарлық протездеуге мұқтаж азаматтар медициналық айғақтамалар бойынша консервативті емдеу жүргізілуі үшін Кәсіпорынның медициналық стационарына жатқызылады. Госпитальға жату кезеңінің бәріне, Кәсіпорынның медициналық стационарына бару және кері қайту жолына, заңнамада белгіленген мерзімге еңбекке жарамсыздық парағы беріледі.";

56-тармақтағы "Медициналық стационарлар" деген сөздер "Кәсіпорындар" деген сөздермен ауыстырылсын;

60-тармақтағы "Медициналық кәсіпорындар стационарлары" деген сөздер "Кәсіпорындары" деген сөздермен ауыстырылсын;

63-тармақтағы "Медициналық стационарларға" деген сөздер "Кәсіпорындардың медициналық стационарларына" деген сөздермен ауыстырылсын ; "

2. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енгізіледі.

Министр